

БЕКІТІЛДІ

«М.Х. Дулати атындағы Тараз
университеті» КсАҚ
Академиялық Кеңестің шешімімен
Хаттама №3, 21.11.2025 ж.



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Тіркеу № 114

Тараз 2025

© «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КсАҚ-ның зияткерлік меншігі болып табылады.
Қайта басып шығаруға және / немесе үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР	Жұмыс тобының жетекшісі Академиялық жұмыс жөніндегі департамент директоры Алимбаева С.К.	 /қолы/	10.11.25
2. ЕНГІЗІЛДІ	Академиялық жұмыс жөніндегі департаментімен		
3. ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ	3 жыл		
4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛГЕН	Алғаш рет		
5. ТАРАТУ	Проректорларға, құрылым басшыларына, декандарға, кафедраларға		
6. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ	М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті КеАҚ Академиялық кеңесінің шешімімен» 21.11.2025 ж. хаттама №3		
7. КЕЛІСІЛДІ:	Академиялық мәселе жөніндегі проректор Еркинбаева Л.К.	 /қолы/	___ ж.
	Басқарма мүшесі- Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есимова Ш.А.	 /қолы/	12.11 ж. 25
	Заң қызметінің басшысы Қайназарова М.	 /қолы/	14.11 ж. 25
	Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дәрібаев Ж.Е.	 /қолы/	17.11.25 ж.

Бұл құжат «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КЕ АҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды

МАЗМҰНЫ

1 Қолдану саласы.....	4
2 Нормативтік сілтемелер.....	4
2.1 Нормативтік құжаттар.....	4
3 Негізгі терминдер мен қысқартулар.....	4
3.1 Негізгі терминдер мен қысқартулар.....	4
4 Жауапкершілік және өкілеттіктер.....	5
5 Жалпы ережелер.....	5
6 Құжаттарды қабылдау және педагогикалық қайта даярлау курстарына қабылдау.....	6
7 Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламалары.....	7
8 Педагогикалық қайта даярлау бағдарламаларының оқу процесін ұйымдастыру тәртібі	8
9 Өзгерістер.....	9
10 Қосымшалар.....	9
Қосымша А. Өтініш нысаны	
Қосымша Б. Сертификат нысаны	

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы Ереже «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КЕ АҚ (бұдан әрі - Дулати Университеті) бөлімшелермен бірлескен білім беру бағдарламалары мен педагогикалық қайта даярлаудың жалпы тәртібін айқындайды.

1.2 Осы Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, ҚР ҒЖЖБМ нормативтік құжаттарын, Дулати Университетінің Жарғысын, Дулати Университетінің ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

1.3 Осы Ереже Дулати Университетінің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және білім беру бағдарламаларын әзірлеу талаптары мен тәртібін айқындау мақсатында әзірленген.

1.4 Осы ереже бойынша барлық жұмыстарды Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор бақылайды. Ереже талаптарының жұмыс жағдайында сақталуына Тіркеу кеңсесі Оқу әдістемелік бөлімі (бұдан әрі – ТК ОӘБ) жауапты болады.

1.5 Осы Ереже Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі қызметінің құқықтық жағдайлары, халықаралық келісімдер мен Дулати Университеті қолданылатын нормативтік базаның өзгеруіне қарай нақтылануы, толықтырылуы және өзгертілуі мүмкін.

1.6 Ереже Дулати Университетінің дайындау, өткізу және құжаттау процестеріне қатысатын барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Нормативтік құжаттар

Осы Ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

– Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен);

– Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293 - VI Заңы;

– Қазақстан Республикасының «Кәсіптік біліктілік туралы» 2023 жылғы 04 шілдедегі №14-VIII Заңы;

– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі;

– «Педагог» кәсіби стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығы;

– Педагогикалық қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 наурыздағы №110 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 16 қыркүйектегі № 451 бұйрығы);

– «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

– «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, тиісті үлгілер мен түрлердегі қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;

– «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КЕ АҚ сапа саласындағы саясаты;

– ISO 9001, 31000, 45001, 14001 Халықаралық стандарттары;

– «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КЕ АҚ нормативтік құжаттары.

3 НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Негізгі терминдер мен қысқартулар

Осы Ережеде мынадай терминдер мен қысқартулар пайдаланылады:

Қайта даярлау – басқа кәсіпті немесе мамандықты игеруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны;

Тыңдаушылар – кәсіби білімі бар, педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагогтың кәсіби қызметіне алғаш рет кірісетін тұлғалар, сондай-ақ педагогикалық білімі бар, бірақ «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласында басқа кәсіпті немесе мамандықты меңгергісі келетін, Университет базасында педагогикалық қайта даярлаудан өтетін тұлғалар;

Дулати Университеті – «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КЕ АҚ;

ҚБББ – қосымша білім беру бөлімі;

ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы;

ТӨЖ – тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары;

ТООЖ – тыңдаушылардың оқытушылармен өзіндік жұмыстары;

ҚА – қорытынды аттестаттау;

ПББ – педагогтердің білімін бағалау;

4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

4.1 Осы Ереже университеттің Академиялық кеңесінің шешімімен бекітіледі.

4.2 Талаптарды енгізуге оқу-әдістемелік бөлімінің бастығы, кафедра меңгерушілері жауапты болады.

4.3 Осы ереженің талаптарын әзірлеу, олардың СТУ 01 «Құжатталған ақпаратты басқару» стандартына сәйкестігі үшін құжатты әзірлеуші жауапты болады.

4.4 Рәсімді басқаруға жауапты оқу-әдістемелік бөлімінің бастығы, кафедра меңгерушілері, декан ресімдеу сапасына жауапты болады.

4.5 Процестің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыру мен үйлестіру, құжаттаманы басқару және түпкілікті нәтижелердің сапасы үшін бөлімшелердің басшылары, сондай-ақ нақты кезеңді орындауға қатысушылар болып табылатын лауазымды тұлғалар жауапты болады.

4.6 Бөлімде СМЖ сақталуына және рұқсатсыз көшірілуіне және қызметтік ақпараттың таралып кетуіне бөлімдердің басшылары жауапты болады.

4.7 Ережені әзірлеу, ресімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу СТУ 01 сәйкес жүргізілуі тиіс.

4.8 Осы ережені келісу лауазымды адамдармен жүзеге асырылады.

4.9 Түпнұсқаны университеттің аккредиттеу, рейтинг және сапасын қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беру үшін әзірлеуші жауапты болады.

4.10 Осы ереженің есепке алынған жұмыс даналары оқу-әдістемелік бөлімі университеттің факультеттеріне мен кафедраларына жіберіледі. Ережені көбейту үшін «Дулати университеті» баспасының директоры жауапты болады.

4.11 Ереженің сақталуына жауапкершілік университеттің аккредиттеу, рейтинг және сапасын қамтамасыз ету бөліміне жүктеледі.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Ереже «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және педагогикалық қайта даярлау тәртібін (бұдан әрі – курстар) айқындайды;

5.2 Педагогикалық қайта даярлау курстары өткізіледі:

1) педагогикалық білімі жоқ кәсіптік білімі бар адамдар үшін тиісті бейін бойынша педагогтың кәсіптік қызметіне алғаш рет кірісетін тұлғалар;

2) тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе кәсіптік білімі жоқ адамдар үшін;

3) педагогикалық білімі жоқ, бірақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі және тиісті даярлық бағыты бойынша біліктілігі бар адамдар үшін;

Педагогикалық қайта даярлау курстары онлайн оқыту бөлімінің базасында іске асырылады.

5.3 Тыңдаушыларды педагогикалық қайта даярлауды қабылдау комиссиясы педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламаларына қабылдау кезінде «Педагогикалық ғылымдар» даярлау бағыты бойынша білім беру қызметін жүргізуге арналған лицензияның қолда бар қосымшаларына сәйкес жүзеге асырады;

5.4 Тыңдаушыларды педагогикалық қайта даярлау университеттің базасында шарттық негізде, күндізгі оқу нысаны бойынша жүзеге асырылады. Тиісті педагогикалық қайта даярлаудан өткеннен кейін педагог ретінде кәсіби қызметпен айналысу құқығы беріледі.

5.5 Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасын игеру ұзақтығы:

1) педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіби қызметіне алғаш рет кірісетін кәсіптік білімі бар тұлғалар үшін 9 айды құрайды.

2) тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе кәсіптік білімі жоқ адамдар және педагогикалық білімі жоқ, бірақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі және тиісті даярлық бағыты бойынша біліктілігі бар тұлғалар үшін 9 айды құрайды.

5.6 Білім беру бағдарламасын игеру және қорытынды аттестаттауды сәтті тапсыру кезінде педагогикалық қайта даярлау бойынша оқытудан өткен адамдарға, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 10 ақпандағы № 47 бұйрығымен бекітілген "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31894 болып тіркелген) қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЖЖОКБҰ-ны педагогикалық қайта даярлау туралы мерзімсіз сертификаты (бұдан әрі – Сертификат) беріледі.

6 ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ КУРСТАРЫНА ҚАБЫЛДАУ

6.1 Университетте педагогикалық қайта даярлау курстарына құжаттарды қабылдау үшін Басқарма Төрағасы-Ректордың шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады.

6.2 Қабылдау комиссиясының құрамына Басқарма Төрағасы – Ректор, академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Дулати университетінің дайындық бағыттары бойынша кафедра меңгерушілері; құқықтық қамтамасыз ету және Мемлекеттік сатып алу бөлімінің бастығы кіреді. Қабылдау комиссиясының сандық құрамы мүшелердің тақ санынан тұрады. Қабылдау комиссиясының төрағасы Басқарма Төрағасы-Ректор болып табылады. Хатшы қабылдау комиссияның құрамына кірмейді.

6.3 Университет Басқарма Төрағасының-Ректорының бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

6.4 Курстарға түсушілер университеттің қабылдау комиссиясының хатшысына келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) университет басшысының атына өтініш (осы Ереженің А қосымшасына сәйкес);
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) білім туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) өлшемі 3x4 сантиметр болатын алты фотосурет;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген 075-У нысанындағы медициналық анықтама (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген);

6) жоғары білім туралы құжат.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен қатар, салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың толық емес тізбесі ұсынылса, университеттің қабылдау комиссиясының хатшысы құжаттарды қайтарады.

6.5 Осы Ереженің 6.4-тармағында көрсетілген құжаттардың толық тізбесі ұсынылса, педагогикалық қайта даярлау курстарына қабылдау университеттің қабылдау комиссиясының шешімімен жүзеге асырылады және университет басшысының немесе оның міндеттерін атқарушы тұлғаның бұйрығы шығарылады.

6.6 Педагогикалық қайта даярлау курстарына қабылданғаннан кейін университет пен тыңдаушы арасында шарт жасалады (осы Ереженің Б қосымшасына сәйкес).

6.7 Қабылдау комиссиясы тыңдаушының жеке ісін қалыптастырады. Оқуға қабылдау туралы бұйрық шыққаннан кейін тыңдаушылардың жеке істерін қабылдау комиссиясы сақтау үшін студенттерді еспке алу және қозғалыстар секторына жібереді.

6.8 Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасын меңгеру тыңдаушыларды қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

6.9 Педагогикалық қайта даярлау бағдарламасынан сәтті өткен тыңдаушыларға осы Ереженің қосымшасына сәйкес нысан бойынша университет сертификаты беріледі.

7 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАЙТА ДАЯРЛАУДЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

7.1 Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламаларын Дулати университетінің кафедралары әзірлейді, пәнді оқытудың мақсаты, нәтижелері, пәннің еңбек сыйымдылығы, мазмұны, оқыту және бағалау әдістері айқындалады.

7.2 Дайын білім беру бағдарламасы Жоғары білім берудің бірыңғай платформасының тізіміне енгізіледі.

7.3 Педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіби қызметіне алғаш рет кірісетін кәсіптік білімі бар тұлғаларды педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасының көлемі 55 кредитті құрайды, оның ішінде 45 кредит – теориялық оқыту, 8 кредит – педагогикалық тәжірибе, 2 кредит – қорытынды аттестация.

7.4 Тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе кәсіптік білімі жоқ тұлғалар және педагогикалық білімі жоқ, бірақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі және тиісті даярлық бағыты бойынша біліктілігі бар тұлғалар үшін педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасының көлемі 45 кредиті – теориялық оқытуды, 8 кредиті – педагогикалық практиканы, 2 кредиті – қорытынды аттестацияны құрайды.

7.5 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде оқу сабақтарының жалпы көлемі (дәрістік, практикалық, зертханалық сабақтар) пәннің жалпы көлемінің кемінде 30% құрауы тиіс екендігі ескерілуге тиіс. Әр пән бойынша кем дегенде 15 сағат жоспарлануы керек ТООЖ. Академиялық сағаттардың қалған көлемі ТӨЖ-ге жоспарланады.

7.6 Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасының әрбір пәні бойынша пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус) әзірленеді, оны Академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекітеді.

8 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

8.1 Бір оқу жылы ішінде оқу процесін ұйымдастыру оқу жоспары негізінде жүзеге асырылады. Оқу жоспарын академиялық жұмыс жөніндегі департамент әзірлейді және ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі. Оқу жоспарында оқу сабақтарын, педагогикалық тәжірибені, қорытынды аттестаттауды өткізу кезеңдері көрсетілген.

8.2 Оқу сабақтары оқу жоспарындағы оқу процесінің кестесіне сәйкес кесте бойынша өткізіледі.

8.3 Тыңдаушылардың оқу сабақтарының кестесі оқу сабақтарының басталуына дейін Академиялық мәселелер жөніндегі проректормен бекітіледі.

8.4 Оқу кестесі академиялық кезеңге жасалады және академиялық кезең басталғанға дейін 7 күннен кешіктірілмей университет сайтында жүктеледі. Оқу сабақтары бір ауысымда өткізіледі. Оқу сабақтарының басталу және аяқталу уақыты 17:00-ден 20:00-ге дейін белгіленеді. Сабақтың әрбір академиялық сағатынан кейін ұзақтығы 10 минут үзіліс белгіленеді.

8.5 Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, педагогикалық қайта даярлау курстарын өткізу кезінде оқу сабақтары (дәрістік, тәжірибелік), ТООЖ бейнеконференциялар өткізу үшін сервисті пайдалана отырып, онлайн форматта өткізіледі.

8.6 Оқу сабақтарына қатысу және ағымдағы бақылаудың барлық түрлерін орындау барлық тыңдаушылар үшін міндетті болып табылады.

8.7 Оқу сабақтарының, ТООЖ және ТӨЖ мазмұны, сондай-ақ оқу сабақтарының нысаны жұмыс оқу бағдарламасымен (силлабуспен) айқындалады.

8.8 Педагогикалық тәжірибенің мазмұны тәжірибе бағдарламасымен анықталады.

8.9. Педагогикалық тәжірибені тыңдаушылар педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарында өтеді.

8.10 Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушылардың педагогикалық тәжірибеден өтуі үшін Университет білім беру ұйымдарымен келісім-шарттар жасайды.

8.11 Педагогикалық білімі жоқ, кәсіптік білімі бар тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіби қызметіне алғаш рет кірісетін тұлғалар үшін 8 кредит көлеміндегі педагогикалық тәжірибенің ұзақтығы 4 апта.

8.12 Педагогикалық тәжірибеден өту нәтижелері бойынша тыңдаушы оның өткендігі туралы есеп береді.

8.13 Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау кешенді емтихан түрінде өткізіледі.

8.14 Университеттен шығарылған жағдайда, тыңдаушы педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасын игеру кезеңінде қызмет көрсетуге ақы төлеу міндеттемелері бойынша босатылмайды.

8.15 Тыңдаушы оқу сабақтарына дәлелсіз себептермен бармаған, сондай университетпен байланысын жоғалтқан жағдайда, тыңдаушы педагогикалық қайта даярлау қызметтері үшін ақы төлеу міндеттемелері бойынша босатылмайды.

8.16 Егер келісім-шарт кез келген тараптардың бастамасы бойынша бұзылған жағдайда қызметтер үшін ақы төлеуге есептеу аударым туралы бұйрық шығарылған күннен бастап тоқтатылады.

8.17 Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасын сәтті аяқтаған тыңдаушыларға осы Ереженің қосымшасына сәйкес сертификат беріледі.

8.18 Сертификаттың болуы педагогті Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес МББ тапсырудан босатпайды.

9 ӨЗГЕРІСТЕР

13.1 Өзгерістер әзірлеу, ресімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оларды жолдауға енгізу 01 УСТ сәйкес жүргізілуі тиіс.

10 ҚОСЫМШАЛАР

Қосымша А

«М.Х. Дулати атындағы
Тараз университеті» КЕ АҚ
Басқарма Төрағасы-Ректор

(тыңдаушының аты-жөні)

ӨТІНІШ

Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасына тыңдаушылар қатарына
қабылдауды сұраймын _____

(білім беру бағдарламасының шифры және атауы)

- педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіби қызметіне алғаш рет бастайтын кәсіптік білімі бар тұлғалар үшін;
- тиісті бейіні бойынша емес педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар тұлғалар үшін;
- педагогикалық білімі жоқ, бірақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі және тиісті даярлық бағыты бойынша біліктілігі бар тұлғалар үшін.

(керегініп астын сызу)

«__» _____ 202__ жыл

ҚОЛЫ

Қосымша Б

СЕРТИФИКАТ

_____ берілді.
Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
Ол 20__ жылғы «__» _____ мен 20__ жылғы «__» _____ аралығында
«М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КЕ АҚ _____ академиялық кредит
көлемінде бейіні _____ білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық
қайта даярлау курсынан өтті.

Ректор

қолы_____
аты-жөні

Мөр орны

Берілген күні: «__» _____ 202__ жыл

Тіркеу нөмірі: «__» _____ 202__ жыл № _____.

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

стр. 12 из 12